

Сұңқар ауылдық округінің Сұңқар ауылы аумағында шектеу іс шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 36/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 шілдеде № 3339 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 47/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 15.09.2015 № 47/01 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 18) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Құтыру ауруының шығуына байланысты, Сұңқар ауылдық округі Сұңқар ауылының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Ветеринариялық-санитариялық, сауықтыру және шектеу іс-шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асылбек Серікұлы Молдабаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Әбілдин

" Қазақстан
ауыл
ветеринариялық
Комитетінің
инспекциясы "

шаруашылығы
бақылау
Осакаров

" К Е Л І С І Л Д І "
Республикасы
Министрлігі
және қадағалау
аудандық
аумақтық
басшысы
Бейсенбеков

М.

2015 жылдың 9 шілдесі

